

Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 19 қантардағы № 33 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 3 наурызда № 10369 тіркелді.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-21) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

К. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 19 қантардағы
№ 33 бұйрығымен
бекітілген

Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан

Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-21) тармақшасына сәйкес өзірленді және сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Қағидалар 60 метрге дейінгі тереңдікке қысқа мерзімге тұсу әдісімен орындалатын сұнгуірлік жұмыстарға қолданылады.

3. Қағидалар сұнгуір-эскери қызметшілер орындастырын сұнгуірлік жұмыстарға, сондай-ақ терең суға арналған сұнгуірлік кешендерді пайдаланатын сұнгуірлік жұмыстарға қолданылмайды.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялық сұнгуір – су астында оның денсаулығына (өміріне) тікелей қауіп төндіретін жағдайда қалған сұнгуір;

2) автономды жарақ – журу және жүзу тәсілімен су астында еркін қозғалуды қамтамасыз ететін сұнгуір жарағының жиынтығы;

3) ашық тыныс алу схемасы бар жарақ – сұнгуір жарағының бір түрі, онда сұнгуір тыныс алу үшін ая ағынмен және демді ішке тартқанда беріледі, ал демін суға шығарады;

4) бұйым формуляры – дайындаушы-кәсіпорын кепілдік беретін бұйымның негізгі параметрлерін және техникалық сипаттамаларын куәландыратын және оны пайдалану мәліметтерін көрсететін құжат;

5) декомпрессия – ағзаны индифферентті газдардан тазарту үшін сұнгуірді тереңдіктен көтеру немесе сұнгуір барокамераларында қысымды азайту процесі. Декомпрессия әртүрлі тереңдіктерде қысымды азайту жылдамдығынан (тереңдіктен көтеру жылдамдығы), тоқтау саны мен тереңдігі, тоқтау кезіндегі шыдау уақыты, газ қоспаларды (газдарды) қолдану тәртібі және сұнгуірлердің онымен тыныс алу уақытынан құралатын режиммен жүргізіледі;

6) декомпрессиялық күрке – тереңдіктен көтеру кезінде декомпрессия тоқтағанда сұнуірді орналастыруға арналған құрылғы;

7) емдік рекомпрессия - сұнгуірді бұдан әрі декомпрессиялайтын қайта компрессия процесі; кәсіби ауруларды емдеу мақсатында жүргізіледі;

8) желдететін жарақ – су астындағы сұнгуірдің тыныс алуы жарақтың газдалған көлеміне (шлем астындағы кеңістік) шлангымен жоғарғы жақтан сығылған ауаны үздіксіз жіберуді қамтамасыз ететін сұнгуір жарағы, онда ая сұнгуірдің тыныс алу өнімдерімен араласады және әлсін-әлсін желдетіліп отырады;

9) жұмыс істеп жатқан сұнгуір – нақты сұнгуірлік тұсу кезінде су астында жұмыстарды (тапсырманы) тікелей орындастырын сұнгуір;

10) жұмыс мақсатындағы сұнгуірлік тұсу – жұмыстарды немесе тапсырмаларды орындау мақсатында су астына тұсу;

11) қамтамасыз етуші сұнгуір – барлық тұсу кезеңдерінде жұмыс істейтін сұнгуірге тікелей қызмет көрсететін сұнгуір. Тұсу кезеңінде жұмыс істеп жатқан сұнгуірдің

сигнал жібін (кабель-сигналын) және сұңгуірлік шлангасын босатады немесе таңдайды, сұңгуірдің су астында болуын бақылайды;

12) кәбіл-сигнал – сұңгуірдің үстіңгі бетпен сөйлесуіне немесе телефон станциясы жұмыс істемей қалғанда шартты сигналдардың көмегімен байланысуға, сондай-ақ сұңгуірдің үстіңгі бетке көтерілуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ авариялық жағдайларда көтеретін сақтандыруши құрал ретінде пайдаланылатын сұңгуірлік телефон станциясының кәбілі;

13) қозғалғыш ұшы – сұңгуірлердің белгіленген бағытта белгіленген ара қашықтықта қозғалуына арналған өсімдіктен жасалған немесе синтетикалық арқан, оның бір ұшы жұмыс жүргізілетін жерге бекітіледі;

14) компрессия – сұңгуірдің сұңгуірлік жарақпен тұсуі немесе газды ортада барокамерада қысымның жоғарылау процесі;

15) қысқа уақытқа тұсу – жұмыс режимдерінде бұдан әрі декомпрессиялаумен судың астына немесе барокамерада су астындағы жерге (ұлкен қысымда) бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін сұңгуірлік тұсулер;

16) оқу мақсатындағы сұңгуірлік тұсу – сұңгуір біліктілігін алу үшін оқу даярлығы немесе қайта даярлау бағдарламалары бойынша сұңгуірлерді оқыту немесе қайта даярлау кезінде су астына тұсу;

17) сақтандыруши сұңгуір – жұмыс істейтін сұңгуірдің тұсуге әзір күйінде түсетін жерінде болатын және авариялық сұңгуірге көмек көрсететін сұңгуір. Тұсу кезеңінде жұмыс істеп жатқан сұңгуірмен сөйлесу байланысын қамтамасыз етеді және оған ауа жіберуді реттейді;

18) сұңгуір – сұңгуірлік жаракта су астындағы жұмыстарды орындай алатын және сұңгуір тұсуін жүргізуге жіберілген маман. Сұңгуір мамандығы ерекше зиянды және өте ауыр еңбек жағдайлары бар мамандықтар қатарына жатады;

19) сұңгуір біліктілігі – сұңгуірдің суға тұсу және су астында жұмыс істеуге даярлығы дәрежесі;

20) сұңгуірлік бекет – сұңгуірлік тұсулерді, сұңгуірдің киінуі (шешінуі) және сұңгуір мүлкін орналастыру үшін алаңмен қамтамасыз етуге тұрақты немесе уақытша құралдармен жабдықталған сұңгуір тұсуі жүргізілетін кемедегі, жағалаудағы, мұздағы орын;

21) сұңгуірдің жарағы – сұңгуір киетін және оған қоршаған су және газ ортасындағы қысымда тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін бекітілген бұйымдар мен құрылғылар жиынтығы. Сұңгуірдің жарағы сұңгуір техникасының құрама бөлігі болып табылады;

22) сұңгуірлік жұмыстар шебері – кәсіпорын жүзеге асыратын сұңгуірлік жұмыстарға, сұңгуірлерді оқытып-үйрететін және оларға ағымдағы нұқсаулық өткізуғе тікелей басшылық ету құқы бар 1-ші сынып сұңгуірі;

23) сұнгуірдің кітапшасы - сұнгуірдің практикалық қызметін, оның мамандығы бойынша даярлығы мен қайта даярлығын, біліктілігін, белгіленген бату тереңдігін, орындалатын сұнгуірлік жұмыстардың сипатын, сағат санын және басқа қосымша мәліметтерді көрсететін құжат;

24) сұнгуірдің медициналық кітапшасы - сұнгуірдің денсаулығын көрсететін құжат;

25) сұнгуірлік жұмыстар журналы – сұнгуірлер орындастырылғандағы жұмыстарды және түсулдерді тіркеуге арналған құжат. Журналдағы жазбалар нысан бойынша сұнгуірлерге сұнгуірлік жұмыстарды орындағаны және сұнгуірдің жеке кітапшаларын толтыру үшін еңбекақы төлеуге негіз болады;

26) сұнгуірлік жұмыстар – сұнгуірлердің енбегін пайдалана отырып, су астында орындалатын жұмыстар. Сұнгуірлік жұмыстар өз сипаты бойынша авариялық-құтқару, кеме көтергіш, суасты-техникалық, кемедегі, құтқару және іздестіру болып бөлінеді;

27) сигнал жібі – сақтандыратын құрал ретінде пайдалануға және шартты сигналдар көмегімен сұнгуірлердің су бетімен байланысын қамтамасыз етуге арналған өсімдіктен жасалған немесе синтетикалық арқан;

28) сұнгуірлер құрамы – сұнгуірлік қызмет, ұйым, кәсіпорын немесе олардың құрылымдық бөлімшелері мамандарының бір бөлігі болатын, сұнгуір біліктілігі бар адамдар. Сұнгуірлер құрамы 3-ші, 2-ші және 1-ші сынып сұнуірлеріне, сұнгуірлік станциялардың старшиналарына (бригадирлерге), сұнгуір-нұсқаушыларға, сұнгуірлік жұмыстар шеберлеріне, сұнгуір мамандар, аға сұнгуір мамандар, бас сұнгуір мамандар, сондай-ақ сұнгуір-матростарға және сұнгуірлерге бөлінеді;

29) сұнгуірлік қызмет – өндірістік, медициналық, ғылыми-зерттеу бөлімшелерінің (топтардың, буындардың), сондай-ақ функциясына су астында жұмыстар орындау кіретін жекелеген мамандардың жиынтығы;

30) сұнгуір маманы – жоғары сұнгуір біліктілігіне ие, сұнгуір түсуінің барлық түрлеріне басшылық ету құқын беретін сұнгуір ісі бойынша арнайы дайындықтан өткен маман;

31) сұнгуір-нұсқаушы – сұнгуір ісі бойынша нұсқама беруді және оқытуды, сұнгуірлерге су астында жұмыстарды орындаудың амалдары мен әдістерін үйретуді жүзеге асыратын 1-ші сыныпты сұнгуір;

32) сұнгуірлік саты – сұнгуірдің суға түсуін және судан шығуын қамтамасыз етуге арналған құрылғы;

33) сұнгуірлік станция – сақтандырғыш, сұнгуірдің батуы, су астында болуы және су бетіне көтерілуі үшін қажет сұнгуірлік түсулер мен жұмыстарды қамтамасыз ететін құралдары бар сұнгуірлік жарақ жиынтығы, сұнгуірлік жұмыстарды орындау кезінде – адамдармен жасақталған және сұнгуірлік техникамен жабдықталған сұнгуірлік бөлімше (бригада);

34) сұнгуірлік станцияның бригадирі – сұнгуірлік техниканың және станцияның басқа да мүлігінің сақталуына және техникалық жай-күйіне, сондай-ақ сұнгуірлік

жұмыстарды орындау сапасын қамтамасыз етуге жауапты 1-ші, 2-ші сынып сұнгүірі немесе сұнгүір, сұнгүірлік станция персоналының басшысы;

35) сұнгүірлік станция формуляры - сұнгүірлік жарактың және түсулерді, сұнгүірлік станция жинағына кіретін жұмыстарды (машинистер, электриктер және басқа мамандар қызмет көрсететін механизмдерден, агрегаттардан және басқа құрылғылардан басқа) қамтамасыз ететін құралдардың техникалық жағдайын көрсететін және оларды пайдалану бойынша мәліметтерден тұратын құжат;

36) сұнгүірлік тұсу уақыты – аппаратқа қосу сәтінен бастап, камерада қысым жоғарылағаннан бастап аппараттан сөндіргенге дейінгі, камерадағы қысымды атмосфералыққа дейін төмендетуге дейін есептелетін уақыт;

37) сұнгүірлік тұсуға қызмет көрсету – сұнгүірдің суға батуын, терендікте болуын және жұмысын, оны терендіктен көтеруді және суда немесе үстіңгі бетте барокамерада декомпрессиялауын қамтамасыз етумен байланысты жұмыстар;

38) сұнгүірлік тұсу басшысы – сұнгүірлік біліктілік комиссиясы білімін тексерген және кәсіпорын әкімшілігінің бұйрығымен сұнгүірлік түсулерге басшылық етуге жіберілген адам. Сұнгүірлік тұсу басшысы сұнгүірлік тұсуға тікелей басшылық жасайды және сұнгүірлердің, сұнгүірлік тұсуға қызмет көрсетуге қатысатын көмекші персоналдың іс-әрекетін бақылауды жүзеге асырады;

39) сұнгүірлік тұсу – сұнгүірдің су астына тұсуін (ішінде сұнгүірлер болғанда барокамерада газдалған ортаның қысымын жоғарылату процесі), сұнгүірдің берілген терендікте болуы (барокамерада газдалған ортаның берілген қысымында), декомпрессия режимі бойынша немесе онсыз жоғарыға көтерілуін немесе қалыпты аяу жағдайына ауысады қамтамасыз ететін процесс.

Терендігі жағынан:

аз терендікке сұнгүірлік тұсу – 12 метрге дейін;

орта терендікке сұнгүірлік тұсу – 12-ден 60 метрге дейін;

терен суға сұнгүірлік тұсу – 60 метрден астам терендікке бөлінеді.

Мақсаты бойынша:

жұмыс мақсатындағы сұнгүірлік тұсу;

оку мақсатындағы сұнгүірлік тұсу;

машықтану мақсатындағы сұнгүірлік тұсу;

біліктілік мақсатындағы сұнгүірлік тұсу;

эксперименттік сұнгүірлік тұсу болып бөлінеді.

40) сұнгүір ісі – сұнгүірлік жаракпен су астына адамды түсірумен байланысты барлық мәселелерді қамтитын адамдардың ғылыми-техникалық және практикалық қызметі саласы;

41) тұсу жібі – сұнгүірлерді 60 метрге дейінгі терендікке түсіруге және көтеруге арналған өсімдіктен жасалған немесе синтетикалық арқан. Бір ұшы түсетін жерде сұнгүірлік бекетке бекітіледі, ал екіншісі балластпен бірге судың астына түсіріледі;

42) эксперименттік сұнгуірлік түсу – жаңа сұнгуірлік техниканы, декомпрессияның жаңа режимдерін сұнау, сұнгуірлік түсу технологиясының жаңа әдістерін және сұнгуірлік жұмыстар орындау технологиясын негіздеу және тексеру мақсатында су астына түсу, оның ішінде бассейндерде, барокамералардың газдалған ортасында;

43) шланг жарағы – ауа шлангысының ұзындығына тең радиуспен жартылай сферамен шектелген шекте жұру тәсілімен су астында қозгалуды қамтамасыз ететін сұнгуір жарағының жиынтығы. Сұнгуір тыныс алу үшін ауа ауамен қамтамасыз ететін кеме жүйесінен, көлік баллондарынан, сондай-ақ сұнгуір помпаларынан шлангымен жоғарғы жақтан тыныс алу аппараты арқылы беріледі.

5. Сұнгуірлер су астында жұмысты орындау кезінде оларға:

1) түсулерді, жұмыстарды ұтымды ұйымдастыру және оларды медициналық қамтамасыз ету;

2) осы Қағидалардың қауіпсіздік талаптарына жауап беретін және орындалатын жұмыс пен сұнгу тереңдігінің сипатына сәйкес келетін сұнгуір жабдығы мен жарақтарын қолдану қамтамасыз етіледі.

6. Импорттық сұнгуір жабдығын және жарағын мемлекеттік немесе орыс тілдерінде пайдалану бойынша нұсқаулықтар болған жағдайда ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

7. Сұнгуірлерге сұнгуірлік жұмыстарға рұқсат беру олардың сұнуірлер мектебін (курстарын) аяқтағандығы туралы куәлігі, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысандағы сұнгуірдің кітапшасы, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы сұнгуірдің медициналық кітапшасы болғанда, сондай-ақ сұнгуірлік біліктілік комиссияның олардың біліктілігін жыл сайын растауынан кейін жүзеге асырылады.

8. Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезінде жинақталған, ақаусыз және белгіленген мерзімді тексерулерден өткен сұнгуірлік жарақтар мен сұнгуірлік түсулерді қамтамасыз ету құралдары пайдаланылады.

9. Сұнгуірлер наряд-тапсырмада келісілген жұмыстарды ғана орындаиды. Басқа қандай да болмасын жұмыстарды орындаған кезде сұнгуірлік түсулер басшысының рұқсатымен ғана кіріседі.

10. Сұнгуірлік станциядағы барлық жұмыс орындары бөгде заттардан босатылған. Сұнгуірлік түсулерді қамтамасыз ететін жарақ пен құралдар жұмыс істеу жағдайында сұнгуір бекетінде орналастырылады.

11. Секундына 1 метрлік және 12 метрден жоғары тереңдікте сұнгуірлік жейделерде сұнгуірлік жұмыстарды орындаған кезде босату-сақтандыру клапандары орнатылады. Бұл ретте 45 метрге дейінгі тереңдікке түсірген кезде бір клапан, 45 метрден аса тереңдікте екі клапан (алдынан және артынан) орнатылады.

12. Сұнгуірлерді электр тоғымен зақымдауға қауіпті жерлерде сұнгуірлік жұмыстар жұмыс істеп жатқан электр қондырғыларынан кернеуді толық алған кезде жүргізіледі.

13. Жұқпалы және тері ауруларының алдын алу үшін ластанған суга сұнгуірлерді толық сыртқы ортадан оқшаулаған жарақтарда түсіреді.

14. Болатты арқандармен жұмыс істеген кезде сұнгуір қосымша қолғап немесе биялай киеді.

15. Сұнгуірлік тұсулерге басшылық жасау үшін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ сұнгуірлердің және сұнгуірлік тұсулер мен жұмыстарды ұйымдастыруға және жүргізуге қатысы бар барлық адамдардың оларды орындаудың күнделікті бақылау үшін кәсіпорын (ұйым) әкімшілігі құрамында, сондай-ақ оқу мекемелерінде штаттық сұнгуір мамандар бар. Оннан астам сұнгуірлік станциялар болғанда әр он станцияға сұнгуір маман көзделеді.

16. Жыл сайын сұнгуірлердің осы қағидалар бойынша білімін тексеру және оларға сұнгуірлік медициналық комиссия рұқсат еткен бату тереңдігін белгілей отырып, сұнгуірлерді медициналық қайта қуәландыру жүргізіледі.

17. Сұнгуірлік медициналық комиссия белгілегеннен астам тереңдікке сұнгуірді тұсіруге рұқсат етілмейді.

18. Ішкі кеме жүзетін жолдар (өзендер, көлдер, арналар, су қоймалары) шегінде сұнгуірлік жұмыстар жүргізген кезде:

1) күндіз – "А" екі сигнал жалауы (қалқан);

2) түнде – тік орналасқан екі жасыл дөңгелек от көтеріледі.

19. Екі жағдайда жалаулар мен оттың ара қашықтығы 1-ден 2 метрге дейін.

20. Жағалауда немесе сигналдарды көтеруге арналған штаттық мачталары жоқ жузы құралдарында уақытша, жақсы көрілетін мачта орнатылады.

21. Кемелер мен жузы құралдарын сұнгуірлерді суға тұсіруді жүргізетін кемелерге арқандап байлауға рұқсат берілмейді.

22. Кемелер ескерту сигналдарымен белгіленген жерге жақын келе жатқанда жүрісін азайтады, сақтандыру шаралары сақталады. Кемелерге сұнгуірлік тұсулер жүргізіліп жатқан сұнгуірлік кемеге 50 метрден артық жақындауға рұқсат етілмейді.

2. Сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі 1-параграф. Сұнгуірлік тұсулерге дайындық

23. Сұнгуірлік тұсуге дайындыққа сұнгуірлік тұсуді және жұмыстарды қамтамасыз ететін жараптарды және құралдарды дайындау, станцияның сұнгуірлері арасында міндеттерді бөлу, сұнгуірге нұсқаулық жүргізу, сұнгуірлік тұсуді қамтамасыз ететін жарақ пен құралдардың жұмыс қүйін тексеру және сұнгуірді киіндіру кіреді.

24. Сұнгуірлер тұсу үшін сұнгуірлік саты орнатылады және қажетті жұмыс мақсатындағы жіптер (тұсіру, қозғалғыш немесе киль асты) қойылады. Ескекаяқты пайдаланып, жеңіл сұнгуірлік жарақта тұсу кезінде жұмыс мақсатындағы жіптерді тұсіру қажет етілмейді.

25. Әр тұсу алдында сұнгуірлер арасында міндеттерді бөлу жүргізіледі:

біріншісі – тұсуге тағайындалады (жұмыс істеп жатқан сұнгуір);

екінші – сигнал ұшына (қамтамасыз етуші сұнгуір);

үшінші – телефонмен байланысатын және ауа жіберетін сұнгуір, ол жұмыс істеп жатқан сұнгуірге көмек көрсетуге өзір болатын сақтандыруши сұнгуір.

26. Сұнгуірлік станцияны сұнгуірлік түсуге дайындауға сұнгуірлік түсу басшысы немесе бригадир жауапты болады, оның лауазымдық нұсқаулығына:

сұнгуірлік станцияда ақаусыз және жинақталған негізгі және сақтандыруши сұнгуірлік жарақтың болуына;

сұнгуірлік жарақты және сұнгуірлік түсуді қамтамасыз ететін құралдарды уақтылы және толық тексеру жүргізуге;

көлік баллондардындағы ауа қорын тексеру мерзімділігіне;

сұнгуірлік жарақтың және сұнгуірлік түсуді қамтамасыз ететін құралдардың сақтауына, оларды дұрыс пайдалануға, сақтауға және жөндеуге;

сұнгуірлік станция орындайтын суасты жұмыстарының сапасына;

сұнгуірлік құжаттаманы жүргізу дұрыстығына жауапкершілік кіреді.

27. Сұнгуірлік түсу басшысы (немесе бригадир):

сұнгуірлік түсуге басшылық етуді;

сұнгуірлер арасында міндеттерді бөлуді;

сұнгуірлік түсуді қамтамасыз ететін адамдар арасында нұсқаулық жүргізуді жүзеге асырады.

28. Сақтандыруши сұнгуірді түсіру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сұнгуірлік станцияда сұнгуірлік жарақтың екінші жиһынтығы болуы керек. Бірінші сияқты екінші жинақ су астында жұмыс істеп жатқан сұнгуір орындайтын жұмыс жағдайлары мен сипатына сәйкес келеді.

29. Сұнгуірлік түсуді қамтамасыз ететін даярланған адамдардың тек екі сұнгуір болғанда су астына түсуге авариялық жағдайларда адамдарды құтқару кезінде ғана рұқсат етіледі. Бұл жағдайда сұнгуірді киіндіру және оған ауа жіберу үшін сұнгуірлік мамандығы жоқ адамдар тартылады (жүргізушилер, сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге рұқсат бар барлық құтқарушылар).

30. Сұнгуірді суда бұдан әрі декомпрессиямен сұнгуірлік түсіру жүргізу кезінде сұнгуірлік сатының қасында түсіру жібі, одан соң декомпрессиялық күркеше түсіріледі.

31. Сақтандыруши сұнгуір сақтандыруши жарақты және декомпрессиялық камераны жұмыс бабында тексеруді уақтылы және сапалы жүргізуді, жұмыс істеп жатқан сұнгуірмен тұрақты телефон байланысын және сұнгуірді үзіліссіз ауамен қамтамасыз етуді жүзеге асырады, дайын сақтандыруши жарақты дереу киүгө, су астына түсуге және жұмыс істеп жатқан сұнгуірге көмек көрсетуге өзір болады.

32. Қамтамасыз етуші сұнгуір жұмыс істеп жатқан сұнгуірге қызмет көрсетеді (сұнгуірге оны жарақта бекіткен сәттен бастап сұнгуірдің сұнгуірлік станция алаңына шыққанға дейін сигнал жібімен бағыттап отырады), жұмыс істеп жатқан сұнгуірге сұнгуірлік түсіру басшысының қажетті нұсқауларын сигнал жіптің көмегімен шартты

сигналдармен береді, сондай-ақ сұнгуірлік сатыны, түсіру және қозғалыш жіптерді орнатуды қамтамасыз етеді.

33. Қамтамасыз етуші сұнгуір сигнал жібін басқа сұнгуірге беруді түсіру басшысының рұқсатымен жүзеге асырады.

34. Сұнгуірді түсіру алдында сұнгуірлік түсіру басшысы сұнгуірді су астында жұмыс істеу технологиясымен таныстырады, сондай-ақ жұмыс орнында сұнгуірлік жұмыстар журналына жаза отырып, түсу ерекшілігі мен жағдайларын ескере отырып, жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық өткізеді.

35. Су астына түсу алдында сұнгуірлік жараптар мен сұнгуірлік түсірді қамтамасыз ететін құралдарға, сондай-ақ оттегі декомпрессия үшін тыныс алу аппараттарына жұмыс бабында тексеру жүргізіледі. Әр түсу алдында жеке жарапты жұмыс бабында тексеруді түсіруші және сақтандыруши сұнгуірлер жүргізеді.

36. Сұнгуірлік жарапты тексеру кезінде түсіруді қамтамасыз ететін құралдар дайындалады және тексеріледі, баллондарда сығылған ауаның болуы тексеріледі.

37. Декомпрессиялық камераларды тексеру тәулігіне бір рет бірінші сұнгуірді түсіру алдында жүргізіледі. Сондай-ақ баллондарда сығылған ауа қорының болуы, магистральдардың және магистральдар мен камерадағы клапандардың герметикалығы, кіру люктері мен шлюздері қақпақтарында резенке нығызыдағыштардың жай-күйі (люктардың қақпақтарын ішінен ауамен қысу камерада қысым 0,02 МПа (0,2 кгс\кв.см) кезінде болады) тексеріледі, сонымен қатар камералар бөліктеріндегі манометрлердің ақаусыздығы тексеріледі (тілдің орналасуы, жарамдылық мерзімі, пломбаның болуы), телефон құрылғысының әрекеті, өрт қауіпсіздігі талаптарына жауап беретін жарықтандыру мен жылытудың жұмысы, камера бөлімдерінің қажетті құралдармен жасақталуы тексеріледі. Тексеру нәтижелері сұнгуірлік жұмыстар журналына енгізіледі

38. Кезекті қуәландыру мерзімдері өтіп кеткен декомпрессиялық камераларды пайдалануға рұқсат етілмейді.

39. Сұнгуірлік жараптың кез келген түрлерімен сұнгуір түсу алдында сұнгуірлік сатылардың, күркелердің, түсу және қозғалыш жіптердің ақаусыздығы сыртынан қарап тексеріледі.

40. Сұнгуірді сұнгуірлік жараптың кез келген түріне киіндіру сұнгуірлік жарапқа жұмыс мақсатындағы тексеру, дезинфекция жүргізгеннен кейін және ол туралы сұнгуірлік жұмыстар журналында жазғаннан кейін киеді. Сұнгуірді киіндіру тікелей осы мақсатқа арнайы дайындалған аландағы түсу орнында түсу басшысы сұнгуірдің түсуге даярлығын тексергеннен кейін қамтамасыз етуші сұнгуірдің басшылығымен жүргізіледі.

41. Сұнгуірдің киіну тәртібі қолданылатын жараптың түріне байланысты, мұнда сұнгуірлік жейдені немесе гидрокомбинезонды киген соң, жараптың басқа бөліктерін

кигенге дейін сұңгуірдің беліне сұңгуірлік белбеу тағылады және оған каабиннің көмегімен сигнал жібі немесе кабель-сигнал бекітіледі.

42. Сұңгуірлерді сұңгуірлік жейдені немесе гидрокостюмсіз түсіргенде сигнал жібі сұңгуірге тыныс алу аппаратын кигізу алдында тағылатын сұңгуірлік белбеуге бекітіледі.

43. Оғонмен бекітілген сигнал жібінің бос ұшы сұңгуірлік бекетке бекітіледі. Оны қандай да бір басқа нәрсемен байлауға рұқсат етілмейді.

44. Сұңгуір су астында түскен орнынан алыс қашықтықта жеңіл сұңгуірлік жаракта жүзген кезде сұңгуірдің орналасқан жерін көрсету үшін қалқымалығы кемінде 50 Н (5 кгс) қалтқысы бар бақылау жібін пайдалануға рұқсат етіледі. 15 метрге дейінгі терендікте бақылау ұшымен жүзуге рұқсат етіледі және ескекті шлюпкамен және сақтандыруши сұңгуірмен қамтамасыз етіледі.

45. Желдетілетін сұңгуірлік жарак сұңгуірге мына тәртіппен киіледі:

- 1) сұңгуір іш киімі немесе жұмыс костюмі, сұңгуірлік жейде, сигнал ұшы (кәбіл-сигнал) бекітіледі;
- 2) сұңгуірлік кебістер (қажеттілігіне қарай қолғап киіледі), манишка;
- 3) жүктөр;
- 4) төменгі брас бекітіледі, сұңгуір пышағы бекітіледі және сұңгуір шлемі киіледі.

46. Түсіру үшін сұңгуірді киіндіру кезінде желдетілетін сұңгуірлік жаракта келесі талаптар сақталады:

сұңгуір іш киімін немесе жұмыс костюмін киу кезінде іш киімде қатпарлар болмау керек;

төменгі брасты тартуды киінетін сұңгуірдің нұсқауы бойынша реттейді;

сұңгуірлік шлемді киер алдында шлемді, сұңгуірлік жейденің фланецін немесе жағасын заарсыздандырады.

47. Жеңіл сұңгуірлік жарак сұңгуірге мына тәртіппен киіледі:

- 1) сұңгуірлік іш киім немесе жұмыс костюмі;
- 2) гидрокостюм немесе гидрокомбинезон (сигнал жіп бекітіледі);
- 3) ескекаяқтар;
- 4) тыныс алу аппараты;
- 5) жүк белдігі (жүк белбеуі);
- 6) бетперде немесе жартылай бетперде.

48. Шланг түріндегі жеңіл сұңгуірлік жаракты киу кезінде ауа шлангысы тыныс алу аппаратының конструкциясында ескерілген жерге бекітіледі.

49. Жеңіл сұңгуірлік жаракта суға тұсу алдында сұңгуір суда тыныс алып, тыныс алу аппаратын қосып, 1-2 минут ішінде сұңгуірлік тыныс алу аппаратының тыныс алу автоматымен ауа жіберілуін тексереді.

50. Сұнгуірді сұнгуірлік жарақтың кез келген түріне киіндіріп болған соң, қамтамасыз етуші сұнгуір түсіру басшысына сұнгуірдің әзірлігі туралы баяндайды және түсуге рұқсат алады.

2-параграф. Сұнгуірдің суға түсүі

51. Сұнгуірді шланг түріндегі желдетілетін немесе жеңіл сұнгуірлік жарақта суға түсіру жарақтың герметикалығын тексергеннен кейін түсіретін немесе киль асты жіппен жүргізіледі. Түсу жылдамдығы сұнгуірдің практикалық дағдыларына, оның физикалық жай-күйіне және жүйедегі қысымды сыртқы ортаның қысымымен тенденстіретін ауаның келуіне байланысты болады.

52. Сұнгуірді сұнгуірлік жарақтың кез келген түрінде судың бетіне шлангта, сигнал немесе басқа жіппен аспалы күйде түсіруге рұқсат етілмейді.

53. Сұнгуірді әуе кемелерінен жарақтың жүзу жиынтығымен штурмсатымен немесе арнайы кәрзенкеде түсіруге рұқсат етіледі.

54. Сұнгуірге кез келген жарақ түрімен суға секіруге рұқсат етілмейді.

55. Сұнгуірге жарлы жағалаудан түсіру үшін биіктігі кемінде 1100 мм қоршаулы тұғыр дайындалады.

56. Суға түскенде сұнгуір сұнгуірлік сатыдан кетпей, ауамен қамтамасыз етілуін, жарақтың қалқымағының және телефон байланысының дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

57. Жүзу жарагымен түсіру кезінде сұнгуірдің қалқымағы нөлге (немесе оған жақын) жеткізіледі. Қажетті қалқымағында жету сұнгуірді сынама түсірумен анықталады.

58. Сұнгуірді реттелмеген қалқымағынан суға түсіруге рұқсат етілмейді.

3-параграф. Сұнгуірдің су астында болуы

59. Сұнгуірлік жұмыстарын немесе тапсырманы орындау кезінде сұнгуір жұмыс жасайтын жарақтардың жай-күйін тұрақты негізде қарап отырады.

60. Тыныс алудың және жүрек соғысы жиілегендеге, тер шықса немесе тыныс алудың қындаста сұнгуір желдетілетін жарақта жұмысты тоқтатады және "Ауаны көбірек жібер!" деген сигнал береді. Жағдайы жақсармаса, осы факт түсіру басшысына хабарланады және сұнгуір судың бетіне шығады.

61. Бұл белгілер тыныс алудың ашық схемасы бар немесе шланг түріндегі жеңіл сұнгуірлік жарақпен түсу кезінде байқалса, сұнгуір дереу су бетіне шығады.

62. Тыныс алудың ашық схемасы бар жеңіл сұнгуірлік жарақпен түсу кезінде ең аз қысымды нұсқағыш немесе сұнгуірді тыныс алу аппараты баллондарындағы ауаның негізгі қорының толық жұмсалғандығы туралы ескертетін басқа құрылғы іске қосылғанға дейін сұнгуірдің су астында болуына рұқсат етіледі. Осыдан кейін сұнгуір

жұмысты орындауды тоқтатады және түсіру басшысының командасымен су бетіне көтеруді бастайды.

63. Жаракта ақаулықтар пайда болғанда немесе өзін нашар сезінгенде сұнгуір жұмысты тоқтатады, бұл туралы түсіру басшысына баяндайды және бұдан әрі оның нұсқауларына сәйкес әрекет етеді.

4-параграф. Сұнгуірмен байланыс жасау

64. Жұмыс істеп жатқан сұнгуір су бетіне телефонмен немесе сигнал жіппен өзінің қозғалысы, іс-әрекеттері, істеп жатқан жұмысы, су астындағы барлық өзгерістер туралы баяндайды.

65. Сақтандырушы және қамтамасыз етуші сұнгуірлер жұмыс істеп жатқан сұнгуірдің телефонмен немесе сигнал жіппен (кабіл-сигналмен) жіберген барлық хабарламаларын, командаларын хабарлайды.

66. Сұнгуірлер және түсіруді қамтамасыз етуге рұқсат берілген адамдар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сигнал, бақылау жіптерінің және кабіл-сигналдың көмегімен берілетін шартты сигналдарды зерделейді.

67. Декомпрессиялық камерадағы сұнгуірмен телефон арқылы немесе шартты сигналдардың көмегімен байланыста болады.

68. Сұнгуір камераның корпусын арнайы ағаш балғамен ұрып, сигналдар береді.

5-параграф. Сұнгуірді көтеру және шешіндіру

69. Сұнгуірдің талабы бойынша көтеруден басқа көтерудің басталуы туралы сұнгуірге кемінде 2 минут бұрын ескертіледі.

70. Көтеру туралы сигналды алған кезде жұмыс істеп жатқан сұнгуір жұмысты тоқтатады, өзінің сигнал жібінің және шлангының тазалығын тексереді, құрал-сайманды жұмыс орнына қояды (немесе су бетіне жібереді) және көтеру туралы сигнал береді.

71. Қамтамасыз етуші сұнгуір жұмыс істеп жатқан сұнгуірден көтеру туралы сигналды алғанда сигнал жіптің және шлангтың әлсіз тұсын таңдайды және көтерудің басталған уақытын белгілейді.

72. Сұнгуірді су бетіне көтеру минутына 8 метрден көп емес жылдамдықпен жүргізіледі.

73. 12 метр қоса алғандағы терендіктен сұнгуірдің су бетіне шығуы кідіріссіз жүргізіледі, ал 12 метр жоғары терендіктен кідіріспен жүргізіледі.

74. Сұнгуірлік сатыда судың беті 2 балдан аспайтын толқын болғанда желдетілетін жарақ шлемінің иллюминаторын ашуға немесе жұмыс істеп жатқан сұнгуірдің шлемін шешушеге рұқсат етіледі.

75. Сұңгуірді шешіндіруді сатыда су бетінде толқын болмағанда атмосфералық ауамен еркін тыныс алуға көшкен соң жүзеге асырылады. Сұңгуірден жарақ киіндіргеннен кері тәртіппен шешіледі.

76. Сұңгуірден сигнал жіпті (кәбіл-сигналды) соңында жейдені (гидрокомбинезонды) шешер алдында босатады және тек сонда ғана қамтамасыз етуші сұңгуірге сигнал жіпті (кәбіл-сигналды) қолынан босатуға рұқсат етіледі.

77. Суық және жауын-шашиның ауа райында сұңгуірді түсіру жеріне жақын маңдағы үй-жайда шешіндіреді.

6-параграф. Авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу

78. Авариялық кемелерде сұңгуірлік жұмыстарды орындауға жүктің түрі мен мөлшерін, оның сұңгуірлер үшін қауіптілігі дәрежесін айқындаپ, қажетті қауіпсіздік шараларын қабылдағанға дейін рұқсат етілмейді.

79. Авариялық кеменің бортында жұмыс істеген кезде және оның суға бату немесе аударылу қаупі болғанда сұңгуірлік жұмыстар жүргізілетін кеме зәкірге қойылады, ал артқы бөлігінен авариялық кемеге өсімдіктен жасалған болат арқан байланады.

80. Сұңгуір кеме корпусының зақымдалған жерінде жұмыс істеген кезде сұңгуірлік жарақтың тұтастығын сақтау шараларын қабылдайды.

81. Қайрандағы авариялық кемені тексеру кезінде сұңгуір қауіпсіздік шараларын сақтайды, тар жерде корпустың астына кірмейді, сигнал жіпті бақылап отырады. Егер кеме толқынның әсерінен шайқалып немесе жерге соғылса, оны батыру керек.

82. Сұңгуір кеменің корпусының астында жұмыс істегендеге толқынды ескере отырып, жер мен кеменің түбі арасында ең аз ара қашықтық кемінде 1,5 метрді құрайды.

83. Қайрандағы кемені тексеру үшін желдетілетін сұңгуір жарағымен суға түскен кезде сұңгуірге түсіру жібінен 20 метрден астам алшақтауға рұқсат етілмейді. Кеменің барлық корпусын тексеру үшін сұңгуірлік кеменің болат арқанын қайта байлайды.

84. Кеме корпусында тесік болғанда сұңгуірлік жұмыстарға рұқсат етілмейді.

85. Кеменің суға бату қаупі болмаса, бөлігі толық батырылады немесе тесікке пластиры қойылады және содан кейін сұңгуірді қарап тексеру және тесікті одан әрі бітеу үшін түсіреді.

86. Суға батқан кеменің бөліктерінде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу алдында сұңгуірлер үй-жайлардың ішін және ондағы жабдықтардың орналасуын зерттейді.

87. Сұңгуірді батып кеткен бөлікке түсіру сатымен немесе түсіру жібімен, сондай-ақ онда суасты шамы болғанда жүзеге асырылады, ал бөлікке кіретін жерде батып кеткен бөліктен шығу кезінде бағдар ұстай үшін жарық көзі орнатылады.

88. Суға батып кеткен бөліктे жұмыс істеу кезінде сұнгуірлік шланганы және сигнал жіпті (кәбіл-сигнал) шатыстырмау үшін сұнгуірге әртүрлі құрылғыларды немесе нәрселерді айналып өтуге болмайды.

7-параграф. Кеме көтеру жұмыстарын жүргізу

89. Батқан кемені зерттеу алдында сұнгуірлерге жұмыстарды жүргізу тәртібі туралы нұсқама беру, схемалар немесе оның құрылыс үстінін, ішкі үй-жайларының, басты тетіктері мен кеме жүйелерінің орналасуымен, алып шығатын жүктің сипатымен және массасымен, оны ықтимал ілу тәсілдерімен және осы жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік шараларымен таныстыру жүргізіледі.

90. Бірінші сұнгуірді суға батқан кемеге түсіру үшін түсіружібі сұнгуірлік кемеден мүмкіндігіне қарай алдағы жұмыстар орына тікелей түсіріледі. Кейінгі түсулер үшін түсіру жібімен бірінші түскен сұнгуір оны тікелей жұмыс орына бекітеді.

91. Сұнгуірлерді суға батқан кемеге түсіру суасты шамдарын пайдаланумен жүргізіледі.

92. Суға батқан кеменің ішкі үй-жайларын тексеру үшін бір мезгілде екі сұнгуір түсіріледі. Бір сұнгуір жұмысты орындаиды, екінші сақтаңдырушы қажет болған жағдайда көмек көрсетеді.

93. Сұнгуірдің суға батқан кеменің ішкі үй-жайына кіруі қажет болған кезде өту орындары үйінділерден тазартылады.

94. Сұнгуірді суға батқан кеменің палубасынан борт сыртына немесе трюмге түсірер алдында ол түсіру жібін жібереді және телефон арқылы жоғары жаққа борт сыртына немесе трюмге түскені туралы хабарлайды.

95. Егер суға батқан кеменің бөліктерінде тірі адамдар табылса, онда оларды судың бетіне көтеру үшін ашық тыныс алу схемасы бар женіл сұнгуірлік жарақ пайдаланады.

96. Сұнгуірлердің қатысуымен ақау жүк көтергіш қондырғылармен және тетіктермен, сондай-ақ осал арқандармен, ілмектермен және ұсташа құралдарымен жүкті түсіру жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

97. Су астында көрінбесе, жүк көтеру үшін жүк көтергіш траверстер (балансирлер) пайдаланылады.

98. Сұнгуірге жүк түсіретін арқанмен түсуге және көтерілуге, келесі ілу орына келуге рұқсат етілмейді.

99. Конструкциясы бір адам пайдаланғанда ыңғайсыз ұсташа құралдарын қолдана отырып, су астында түсіру жұмыстарын екі сұнгуір орындаиды.

100. Жүктерді көтеру немесе түсіру жұлқа көтермей және аз жылдамдықпен жүзеге асырылады.

101. Тұсіру жұмыстары жұмыс жүргізетін жерде су бетінің толқыны 2 балдан жоғары болғанда, ал жарылыс қауіпті жүктөрді тұсіру толқын 1 балдан астам болғанда тоқтатылады.

102. Жарылыс қауіпті жүктөрді, сонда-ақ құндылықтарды тұсіру айрықша арнайы әзірленген нұсқаулықтар бойынша және тиісті мамандардың басшылығымен жүргізіледі. Жарылыс қауіпті жүкті тұсіруге тағайындалған сұнгуірлер оларды пайдалану қағидаларымен танысады.

103. Суға батқан кеменің корпусы астындағы темір арқанды кесу кезінде сұнгуір су бетіндегі құралдардың көмегімен су бетіне көтеріледі.

104. Кесілетін темір арқаның орналасуын қарау кесуді аяқтаған соң және темір арқанды тік құйге келтірген соң жүргізіледі.

105. Кеме корпусы астында шайылатын туннельдердің өлшемдері онда топырақ сорғыш, су арынды шланг және топырақты шаюға және алуға пайдаланылатын басқа құралдар болғанда туннельде сұнгуірдің еркін қозғалуын қамтамасыз етеді.

106. Кеме көтергіш ілмектерді және жүк көтергіш құралдарды жіберу кезінде сұнгуір бағыттауыш арқаннан алыс тұрады және оған стропты жіберуді тоқтатқан соң және тұсіру басшысының рұқсатымен жакындейды.

107. Су астына бағыттауыш арқандармен кеме көтергіш понтондарды тиеу сұнгуірлердің қатысуыныз жүзеге асырылады.

108. Кеме көтергіш понтондарды остропки үшін сұнгуірді тұсіру понтондарды орнына тұсіру аяқталған соң жүргізіледі. Понтондарды қажетті күйіне соңғы орнату жұмыс істеп жатқан сұнгуірдің командасымен жүргізіледі.

109. Кеме көтергіш понтондарды бойлық ажырату кезінде жұмыс істеп жатқан сұнгуірге ескертпей, оларды толтыруға немесе одан ауаны босатуға рұқсат етілмейді.

110. Сұнгуір басты (толық) үрлеу алдында понтондардың орналасуын қарауды жоғары бөліктерінде жүргізеді, онда шланг пен сигнал жібі (кәбіл-сигнал) көтерілетін кемеден қауіпсіз жақта орналасады.

111. Сұнгуірлерді басты үрлеу кезінде кемеге және понтондарға тұсіруге рұқсат етілмейді.

112. Батып кеткен кемені судың бетіне шығарғаннан кейін кемені понтондарға берік байлағаннан кейін сұнгуірлерді оны қарап тексеру үшін тұсіруге рұқсат етеді. Сонымен қатар кеме корпусының астына және понтондардың астына сұнгуірді тұсіруге тыйым салынады.

113. Арнайы химиялық қосылыстардың қалқымалығын пайдалана отырып, суға батып кеткен кемелерді көтеру бойынша сұнгуірлік жұмыстарды орындау кезінде қажетті қауіпсіздік шаралары сақталады. Мұнда суға батып кеткен кемелердің люктарын, мойындарын, трюмдарын және бөліктерін жабу бойынша сұнгуірлік жұмыстарды орындау көрсетілген материалдарды жіберуді аяқтаған соң рұқсат етіледі.

8-параграф. Су астында техникалық жұмыстар жүргізу

114. Сұңгуірлер гидротехникалық құрылыштарды салу және жөндеу жұмыстарын бастар алдында жұмыс сыйбалары немесе жобасы бойынша құрылымымен, жұмыс жүргізу жағдайларымен және қауіпсіздік шараларымен танысады және наряд-тапсырма алады.

115. Шұңқырлар, орлар қазу, топырақты шаю және топырақтың жоғарғы қабатының бұзылуымен байланысты басқа жұмыстарды жұмыс орындарында электр күштік, телефон кәбілдерінің немесе құбырлардың жоқтығы туралы мәліметтер алған соң, сұңгуірлік жұмыстар басшысының нұсқауы бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

116. Кернеудегі электр таратқыш суасты кәбіл желілерінің күзетілетін аймағында суасты жұмыстарын жүргізуге рұқсат етілмейді.

117. Сұңгуір қарапайым қондырмасы бар гидравликалық оқпанды қолданған кезде оқпанның ұшы зәкірге немесе балластқа бекітіледі.

118. Топырақты жоғары қысымды сорғыдан (гидромонитордан) гидромонитордың қысымды шлангысына шаю жұмысын жүргізу кезінде жүк гидравликалық оқпаннан 3 метрден аспайтын арақашықтықта бекітіледі.

119. Топырақты жинау құралдары қарамағында топырақ жинау құралдары орналасқан ауданда ұйым басшысының атынан жазбаша рұқсат алғаннан кейін сұңгуірлік жұмыстарды жүзеге асыруға рұқсат етіледі.

120. Құбырды топыраққа салғаннан кейін сұңгуірді түсіруге және салынған құбырды тексеруге рұқсат етіледі.

121. Кәбілдерді салу кезінде сұңгуірге салынатын кәбілдің алдында болуға рұқсат етілмейді.

122. Сұңгуірлік жұмыстардың басшысы кез келген диаметрдегі суасты құбырларын қарау үшін немесе оларды гидравликалық немесе пневматикалық сынау кезінде сыналатын құбырдан қысымды алғаннан кейін сұңгуірлік түсулерге рұқсат береді.

123. Суасты құбырын бөлшектеу кезінде сұңгуірге құбырды кесетін арқанның жанында болуға рұқсат етілмейді.

124. Сұңгуірге қолғапсыз гидротехникалық құрылыштарды, тіреулерді немесе эстакадалы типтегі құрылыштарды қарап тексеруге рұқсат етілмейді.

125. Гидротехникалық құрылышқа темірбетон конструкцияларды орнату жұмысы су ағысының жылдамдығы секундына 1 метрден аспайтын кезде жүргізіледі.

126. Сұңгуірді гидротехникалық құрылышқа темірбетон конструкцияны орнату немесе оны қарап тексеру үшін су астына түсіруге конструкцияның төменгі бөлігін топыраққа орнатқаннан кейін рұқсат етіледі.

127. Гидротехникалық құрылышты тексеру немесе жөндеу кезінде сұңгуір түскен ауданда қада қағуға, жүктөрді көтеруге немесе түсіруге, жүзу құралдарының жүруіне

және сұнгуйр жұмыс істеп жатқан жерден кемінде 50 метр радиуста басқа жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

128. Су өткізетін құрылыстарда және жұмыс істеп тұрған гидротораптардың құрылғыларында сұнгуйрлік жұмыстар жүргізу кезінде сұнгуйрлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылданады:

1) сұнгуйрдің жұмыс орнынан кемінде 50 метр радиуста агрегаттар немесе ысырмалар тоқтатылады немесе жабылады;

2) бағыттауыш аппараттар мен турбиналарды реттейтін түсіру құрылғылары жабылады;

3) агрегаттарды қосу, ысырмаларды көтеру және қакпаларды ашу тетіктері ажыратылады, ажырататын құрылғыларда "Қоспаңыз, адамдар жұмыс істеп жатыр" деген тақтайша ілінеді.

129. Құрылыс немесе гидроторап әкімшілігі беретін тиісті жазбаша рұқсат қағазын (рұқсаттама) алмай, шлюздердің, гидроэлектростанциялардың, сорғы станцияларының, бөгендердің және басқа құрылыстардың аймағында су астында сұнгуйрлік жұмыстар жүргізуге рұқсат етілмейді.

9-параграф. Кемедегі сұнгуйрлік жұмыстарды жүргізу

130. Кемедегі сұнгуйрлік жұмыстар пайдаланылатын және жөндеудегі кемелерде екипаждың күшімен (сұнгуйр біліктілігі бар екипаж мүшелері) және кеме құралдарымен, сондай-ақ басқа сұнгуйрлік станциялар жүргізеді.

131. Кемедегі сұнгуйрлік жұмыстарды бастар алдында қызмет көрсетілетін кеменің капитаны немесе сұнгуйрлік жұмыстардың басшысы кемеде сұнгуйрлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде екипаж мүшелеріне немесе сұнгуйрлерге нұсқама береді.

132. Сұнгуйр су астында болған кезде сұнгуйр жұмыс істеп жатқан борттан жүк операцияларын жүргізуге, кеме кренін немесе дифферентін өзгертуге, гидроакустикалық аспаптарды, кеме корпусының протекторлық немесе катодтық қорғанысын қосуға рұқсат етілмейді.

133. Ашық теңізде жүзіп келе жатқан кемеден сұнгуйрдің түсуі кеме толық тоқтаған кезде жүзеге асырылады.

134. Кеме корпусының астында жұмыс істеу немесе қарап тексеру кезінде сұнгуйрғе кеме килінің астымен бір борттан екіншісіне өтуге рұқсат етілмейді.

135. Қолмен механикаландырылған құрал-сайманмен және арнайы механикаландырылған құрылғылармен кемелер корпустарын су астында тазалау жұмыстары тиісті арнайы даярлықтан өткен және кемедегі жұмыстардың осы түрлеріне басшылық етуге рұқсат берілген сұнгуйрлік жұмыстар басшысының басшылығымен жүзеге асырылады.

136. Кеме корпусын су астында тазалау жұмыстары толқынның толқуы 2 балдан аспағанда, су ағысы секундына 0,5 метрден аспағанда, су астында көру 1,0 метрден кем болмағанда, сұнгуірлердің кеме корпусының астында жұмыс істеуіне бөгет жасайтын заттар болмағанда жүргізіледі.

137. Кеме корпуштарын су астында тазалау жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сұнгуірлік жұмыстар жүргізілетін жерде жұмыс шлюпкасы болады.

10-параграф. Құтқару жұмыстарын жүргізу

138. Адамдарды құтқару бойынша сұнгуірлік жұмыстарға зардал шеккен адамның қармауынан босану тәсілдеріне, зардал шеккендерді сүйреу әдістеріне және оларға дәрігерге дейінгі көмек көрсетуге үйретілген, сұнгуірлік жұмыстардың барлық мамандандыру топтарының сұнгуірлеріне рұқсат беріледі.

139. Суда зардал шеккен адамдарға көмек көрсету, іздестіру жұмыстарын жүргізу және сұнгуірлік жұмыстар мамандандыруының III топтағы сұнгуірлерінің зардал шеккендерді көтеру жұмыстарын орындауға ішкі су айдындарында және теңіздердің жағалау маңындағы учаскелерінде рұқсат етіледі.

140. Зерттелмеген су айдындарындағы құтқару жұмыстары мен зардал шеккен адамдарды іздеу сақтық шараларын сақтай отырып және суда құтқару қызметі басшылығының рұқсатымен жүргізіледі.

141. Сұнгуірлік құтқару жұмыстары құтқару жұмысының сипаты мен гидрометеорологиялық жағдайларды ескере отырып, сұнгуірлік жұмыстарды жүргізу жағдайларына сәйкес сұнгуір жарагында орындалады.

142. Сұнгуірлік құтқару жұмыстарын орындау кезінде құтқарушы сұнгуірді суға түсіру орнында жүзу құралы болады.

143. Сокпа толқын болған кезде құтқарушы сұнгуірдің зардал шеккен адамды жағаға сүйреуіне рұқсат етілмейді. Зардал шеккен адамды көтеру жүзу құралдарымен жүзеге асырылады.

144. Авариялар, дүлей зілзаларап кезеңінде, мұз жылжығанда, жылдам ағын болған немесе судың беті қалқыған заттармен ластанған кезде құтқару жұмыстарын ең тәжірибелі құтқарушы сұнгуірлер сақтық шараларын сақтай отырып орындаиды.

11-параграф. Сұнгуірлік іздестіру жұмыстарын жүргізу

145. Суға батып кеткен нәрселерді іздестіру немесе акваторияларды сұнгуірлік тәсілмен тексеру мұны нәрселерді табудың басқа құралдарымен орындау мүмкін болмағанда жүзеге асырылады (трапение, с uaсты телевидение, акустикалық құралдар, металды анықтауға арналған құрылғылар, гидролокаторлар, буксирге алу кинокамералар).

146. Сұнгуірлік іздестіру жұмыстары үш тәсілмен галсты, дөңгелек және жол тросымен жүзеге асырылады.

147. Үлкен акваторияларда сұнгуірлік іздестіру галсты тәсілмен жүзеге асырылады. Галсты тәсілдің мәні су бетіндегі немесе суастындағы бағытпен галстармен іздестіру квадратында буксирге алынатын құралдарда сұнгуірді буксировка, сондай-ақ сұнгуірдің өзі жүретін суастында қозғалу құралдарында жүзуі болып табылады. Бір галстың тексерілетін жолағының ені судың мөлдірлік дәрежесіне байланысты және 15 метрден аспайды.

148. Буксирге алынатын сұнгуірдің жерден ара қашықтығы судың мөлдірлігіне және жердің бедеріне байланысты 3-тен 5 метрге дейінгі шекте болады. Буксирге алу жылдамдығы 3 тораптан аспайды. Буксируемого тасымалдағыштан немесе өзі жүретін қозғалғыш құрылғылардан іздестіру кезінде ашық тыныс алу схемасы бар автономды жеңіл сұнгуірлік жарақ пайдаланылады.

149. Сұнгуірлік іздестірудің дөңгелек тәсілі қозғалғыш жіптің ұзындығымен айқындалатын балластан ара қашықтықта түсіру жібінің балласты айнала жүріп жүзеге асырылады. Қозғалғыш ретінде 2-3 метр арқылы ұзындығы бойынша тораптары бар 15-20 метр ұзындықтағы жіп пайдаланылады. Іздестіру радиусы балластан бірінші торапқа дейінгі сымның ұзындығына тең шенбермен қозғалудан басталады.

